

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің 8D02201- Исламтану мамандығы бойынша Ph.D докторанты Илесбеков Бижан Оразалиевичтің «Ахмад ибн Мансур әл-Испиджаби (480/1087 ж.қ.б.) және оның «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегі» атты философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына отандық ғылыми кеңесшісінің

ШІКІРІ

Бұл диссертацияның өзектілігі еліміздің ортағасырлық кезеңіне қатысты жазба жәдігерлікті ғалымның мұрасын арқау етуінде, бұл зерттеу медиевистика, исламтану, ислам құқығы, кодикология, палеография бағыттағы ілімдерін жаңа деректерімен толықтыратындығымен айқындалады. Өйткені Қазақстан тарихындағы ислам дінімен байланысты гүлденген өркениет, ғылым мен білім қабатын елеусіз қалдыра алмаймыз.

Жұмыстың ең басты құндылығы – тек отандық қана емес, сырт елдерде тұтастай зерттеу нысанасына бұрын айналмаған қолжазбаны, тиісінше танылмаған ғұламаны зерттеуінде. Өйткені Ахмад ибн Мансур - әл-Испиджабидің «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» атты туындысы жайында дереккөздерде айтылса да, кейінгі атақты Ала ад-дин әл-Испиджабидің осы аттас шығармасының көлеңкесінде қалып, зерттеушілерді шатастырып келді.

Жұмыста Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің бөлек әрі оның нұсқаларының біздің дәуірімізге жеткендігі дәлелденеді. Осы екі автордың аттас туындыларын салыстыру барысында қос туындының бір-бірінен айырмашылықтарын ажыратып көрсетті. Али ибн Мухаммад әл-Испиджабидің өз жұмысын жазуда алдындағы Ахмад ибн Мансур Испиджабидің «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегіне сүйенгендігін нақты мысалдармен дәйектеді. Екі кітаптың арасында «Көшірілу тұрғысынан айырмашылықтар; көлемдік тұрғыдан айырмашылықтар; кіріспе жазу тұрғысынан айырмашылықтар; құрылымдық тұрғыдан айырмашылықтар; мәтінге түсіндірме жазудағы әдіс-тәсілдер тұрғысынан айырмашылықтар; пәтуа беру тұрғысынан айырмашылықтар; ханафи мәзһабы бойынша шарифат қайнаркөздерін қолдану тұрғысынан айырмашылықтар; имам Шафиғидың көзқарастары мен таңдаулы пәтуаларды баяндау және тәржих жасау тұрғысынан айырмашылықтар; қолданылған әдебиеттер тұрғысынан айырмашылықтар; мазмұндық тұрғыдан айырмашылықтар» деп аталатын 10 критерий бойынша талданған.

Әрине, бұл айтуға ғана жеңіл, бұл мәселеге келгенде тіпті араб зерттеушілерінің өзі де қателіктерге ұрынып жатады. Оның себебі бұл қолжазба күйінде әлемнің әр жерінде шашылып жатқандықтан оларды қолға түсіру де, түсірген жағдайда оқу, ара-жігін айыру арнайы біліммен қатар табандылықты әрі қабілеттілікті қажет етеді. Бұндай ауыр тақырыптарды ізденуші докторанттарға ұсынсаң, тәуекел ете алмайды. Бижан бұндай бейнеті жетіп артатын нысананы өзі қорықпай қалады, жай таңдап қоймай, соңына түскен тақырыбын еңбекқорлығымен тексеріп, күрделі текстологиялық

салыстырулар арқылы сұрақтардың түйінін тарқата алды. Ол үшін шетелдердегі қолжазбаларды тауып, электронды көшірмелерін алып, пайдалана алды. Әлемдегі архив және кітапханалардың қолжазба каталогтарында Ахмад ибн Мансурдың есіміне телінген «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің 25-ке жуық қолжазба нұсқаларын саралап шықты, сөйтіп Ахмад ибн Мансурға нақты тиесілі екендігін, дәлірек атқанда үш нұсқаның ғана нақты Ахмад ибн Мансурдың еңбегі деп байлам жасады. Бұлардың ішінде әлі де зерттелмей, іздеушісін күткен қолжазбалық нұсқаларға нақты атрибуциялық жұмыстар жүргізіліп, сипатталып авторлары, көшірілу уақыты мен орны, сапасы, көшіруші, жазылу түрі т.б. мағлұматтар берілді. Диссертацияда Ахмад ибн Мансур әл-Испиджабидің «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» кітабы жанрлық, фикһ ілімі тұрғысынан байыпты бағамдалады.

Жұмыста Испиджаб фикһ мектебі ислам құқығының аймақтық орталығы ретінде деген жаңа тұжырымды дәйектеген. Өйткені ортағасырларда Самарқанд, Бұхара, Нәсәф тәрізді мектептерімен қатар Испиджаб қаласының да өзіндік фикһ мектебі болғандығына тарихи шаһардан ондаған ханафи құқықтанушы ғалымдарының шыққанымен дәлелдей келе, XI ғасырдың бірінші жартысы мен XII ғасырдың екінші жартысы аралығында Испиджаб мектебінің Самарқанд фикһ мектебінің дамуына елеулі әсерін тигізгендігі жайлы мәнді қорытынды ұсынады.

Жұмыста көне Испиджаб қаласынан шыққан белгілі-белгісіз 29 дін ғалымы туралы мәлімет келтіріледі, соның ішінде 6-уы беймәлім болып келген есімдерді тауып, өзінің тынымсыз еңбегі нәтижесінде деректерді одан әрі байытты.

Бұған дейін басқа да кітаптарын жариялап үлгерген диссертанттың қаламы орныққан, мұқият, ойын еркін қағазға түсіруге машыққан. Орфографиялық қателер, стильдік сүрінулері сирек.

Бұл жұмыс ортамызға исламтануда, соның ішінде ортағасырлық қолжазбалармен, ғұламалардың мирастарымен шұғылдануға ден қойған жаңа бір талантты ғалымның қосылғанын айғақтайды. Мен ізденімпаз Бижан Илесбековтің осы жұмысын оқу барысында алда берері көп деп сендім. Тек жас ғалымға қолдау болғаны жөн. Өйткені бұндай қиын кодикологиялық, археографиялық арнаға маманданған жастар аз.

Пікіріміздің тобықтай түйіні: бұл диссертацияны көкейкесті тақырыпты арқау еткен, тың материалдарды зерделеген, жаңа да орнықты тұжырымдары бар, аяқталған, бағалы деп есептеуге негіз болады. Осы маңызды да салмақты зерттеуі үшін Илесбеков Бижан Оразалиевичті философия докторы (Ph.D) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.

Профессор, филология
ғылымдарының докторы



Шамшәдин Керім

Ш. Керім	қолын растаймын
подпись заверяю	
К.С. Кауранбаева	кадр бөлімі отдел кадров